

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Раушан Жәліқызы

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссиссипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Раушан Жәліқызы

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Raushan Zhalikyzy

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_31\\_3\\_370-383](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_370-383)

FTAMP 03.29.00

## ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Е.В. Кулагина<sup>1</sup>, Б.Қ. Смағұлов<sup>2\*</sup>, Т.Н. Болсынбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Омбы мемлекеттік техникалық университеті, Ресей, Омбы;

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Қазақстан, Алматы.

\*Автор-корреспондент

E-mail: bolat.qudaibergenuly@gmail.com (Смағұлов), kevgeniya@inbox.ru (Кулагина), tbolsynbek77@gmail.com (Болсынбек).

**Аңдатпа.** Мақалада белгілі Омбы өлкетанушысы С.Р. Лаптевтің жеке архивіндегі қазақтың дәстүрлі мәдениетіне байланысты этнографиялық материалдарға талдау жасалған. Бұдан бұрын қазақ тіліне аударылмаған мұрағаттық мәліметтерге сүйене отырып, авторлар Омбы облысы мен Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі қазақтардың қабір үсті құрылыстары мен жеркепе сынды дәстүрлі тұрғын үйлеріне, сондай-ақ әдет-ғұрыптарына назар аударады. Осы мақалада қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктерін көрнекі түрде көрсету үшін мәдениеттің жекелеген элементтерін сипаттайтын фотолар келтіріледі. Сонымен қатар, С.Р. Лаптевтің өмірі мен шығармашылық жолына қатысты кейбір мәліметтер берілген. Мәселе зерделенгендігінің дәрежесін анықтау үшін өлкетану саласындағы жалпы мәселелеріне, сондай-ақ С.Р. Лаптевтің өлкетанудағы іс-қызметіне тікелей қатысты мәселелерге арналған еңбектерге талдау жасалады. Авторлар өлкетанушы жинаған этнографиялық материалдар Омбы облысы мен Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетін зерттеу үшін маңызды деген қорытынды шығарады.

**Түйін сөздер:** Сергей Романович Лаптев, өлкетану, қазақтың дәстүрлі мәдениеті, қабір үсті құрылыстар, жеркепе, салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрыптар.

*\*Осы мақала «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог». BR0855285 ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.*

МРНТИ 03.29.00

## ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА

Е.В. Кулагина<sup>1</sup>, Б.Қ. Смағұлов<sup>2\*</sup>, Т.Н. Болсынбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Омский государственный технический университет. Российская, Омск;

<sup>2</sup>Центральный государственный музей Республики Казахстан, Казахстан, Алматы.

\*Корреспондирующий автор

E-mail: bolat.qudaibergenuly@gmail.com (Смағұлов), kevgeniya@inbox.ru (Кулагина), tbolsynbek77@gmail.com (Болсынбек).

**Аннотация.** В статье дается анализ этнографических материалов по традиционной культуре казахов из личного архива известного омского краеведа С.Р. Лаптева. Опираясь на непереведенные ранее на казахский язык архивные материалы, авторы обращают внимание на

намогильные сооружения и такое традиционное жилище как землянка, а также на обычаи и традиции казахов Омской области и северных районов Казахстана. Для наглядной демонстрации особенностей традиционной культуры казахов, в статье представлены фотоматериалы, характеризующие отдельные элементы их культуры. Наряду с этим, приведены некоторые сведения, имеющие отношение к жизненному и творческому пути С.Р. Лаптева. Для выявления степени изученности темы проведен анализ работ, посвященных как общим вопросам краеведческих исследований, так и вопросам, непосредственно связанным с деятельностью С.Р. Лаптева в области краеведения. Авторами сделан вывод о значимости собранных краеведом этнографических материалов для изучения традиционной культуры казахов Омской области и северных районов Казахстана.

**Ключевые слова:** Сергей Романович Лаптев, краеведение, традиционная культура казахов, намогильные сооружения, землянки, обычаи и традиции, обряды и обычаи.

IRSTI 03.29.00

### SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S-1950S.

**Kulagina Y.V.<sup>1</sup>, Smagulov B.Q.<sup>2\*</sup>, Bolsynbek T.N.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Omsk State Technical University, Russian, Omsk;

<sup>2</sup>Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty.

\*Corresponding author

bolat.qudaibergenuly@mail.ru (Smagulov), kevgeniya@inbox.ru (Kulagina),  
tbolsynbek77@gmail.com (Bolsynbek).

**Abstract.** The article provides an analysis of ethnographic materials on the traditional culture of Kazakhs from the personal archive of the famous Omsk local historian S.R. Laptev. Based on archival materials that are non-previous in the Kazakh language, the authors pay attention to the windshields and such a traditional dwelling as a dugout, as well as the customs and traditions of the Kazakhs of the Omsk region and the northern regions of Kazakhstan. For a visual demonstration of the characteristics of the traditional culture of the Kazakhs, the article presents photographs characterizing certain elements of their culture. Along with this, some information related to the life and creative paths of S.R. Laptev is given. To identify the degree of knowledge of the topic, an analysis of works devoted to both general issues of local history research and issues directly related to the activity of S.R. Laptev in the field of local history. The authors concluded about the significance of ethnographic materials to study the traditional culture of the Kazakhs of the Omsk region and the northern regions of Kazakhstan.

**Key words:** Sergey Romanovich Laptev, local history, traditional culture of Kazakhs, windshields, dugouts, customs and traditions, rites and customs.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда өлкетанудың туған жерді жан-жақты зерттеуге, шет аймақтың ғылыми және зияткерлік санасына әсер ету функциясын атқаруға, өзінің «ата қонысын» құрметтеуге үйретуге бағытталған практикаға айналып, сол арқылы қоғамдық құбылыс, әлеуметтік-мәдени феноменге айналғанын айта кету керек (Сырцов, 2012: 327). Өйткені өлкетану аясында жасалатын зерттеулер белгілі бір этникалық қауымдастықтың дәстүрлі мәдениетінің қазіргі уақытқа жетпеген элементтерін көрнекі түрде көрсетеді. Өлкетану саласында жасалатын жұмыстардың маңыздылығын айта отырып, Омбы өлкетанушысы С.Р. Лаптев өзінің 1949 жылғы «Омбы облысы және онымен шектесетін аумақ бойынша сапарлар. Омбы облысының оңтүстік аудандары мен Солтүстік-шығыс Қазақстан бойынша 650 шақырым жүргенде» («Поездки по Омской области и смежных с ней окраин. 650 километров по южным районам Омской области и Северо-восточному Казахстану») күнделігінде жазғандай, «сені қызықтыратын территорияны өзің көрмесең, ешқандай ғылыми трактаттарға, бұрынғы зерттеушілердің ғұмырнамаларына,

қаламгерлердің өлкетануға қатысты шолуларына көңілің толмайды. Бір сапарға бес күнге шыққанда, соған көзім жетті...» (ООМТА, 19: 1-п.). Қазіргі этнология ғылымында өлкетанушылар жинаған этнографиялық материалдарға ерекше мән беріледі. Өйткені өлкетанушылар жинаған этнографиялық материалдар белгілі бір халықтың дәстүрлі мәдениетіне кешенді түрде қарауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Омбы облысы мен Қазақстанның солтүстік өңірлеріне сапар жасаған кезде С.Р. Лаптев қазақтың дәстүрлі мәдениетінің әртүрлі аспектілерін сипаттай отырып, соның бірқатар ерекшеліктеріне назар аударды.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғанды ескере отырып, өлкетану аясында жүргізілетін зерттеулердің екі түрлі маңыздылығын көруге болады. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, өлкетанушылар жинаған этнографиялық мәліметтер этнология ғылымының теорияға қатысты кейбір даулы мәселелерін (мысалы, белгілі бір этностың этногенезі мен этникалық тарихына қатысты) шешуге болады. Ал әлеуметтік тұрғыдан қарасақ, өлкетану аясында жүргізілетін зерттеулер өңірлердің (облыстардың) жергілікті тарихын, бабалар ерлігін мақтан етуге және де қазіргі өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мақаланың мақсаты – С.Р. Лаптевтің жеке архивіндегі материалдарға сүйене отырып, белгіленген кезеңдегі қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

**Материалдар мен әдістер.** Осы мақала негізінен Омбы қаласындағы (Ресей Федерациясы) Омбы облысы мемлекеттік тарих архивінде (ООМТА) сақталатын өлкетанушы С.Р. Лаптев 1949–1959 жылдар аралығында жинаған Омбы облысы мен Солтүстік Қазақстандағы қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне байланысты этнографиялық материалдардың негізінде жазылды. Мақалада пайдаланылған нақты мәліметтер әдебиеттер мен деректер тізімінде көрсетіледі. Мұрағаттық материалдардың бұдан бұрын қазақ тілінде жарық көрмегенін ерекше айта кету жөн. Сондықтан архивтік мәліметтер бастапқы деректер ретінде ғылыми айналымға енгізіліп, қазақ тілінің ақпараттық базасын толықтыра түсетіндігін айтуға болады. Қосымша әрі салыстырмалы материал ретінде зерттеушілердің осы тақырыпқа тікелей немесе жанама қатысы бар, тақырыптың жекелеген қырларын қозғайтын еңбектері пайдаланылды.

Осы мақалада мәліметтерді жинап, бұларды ғылыми тұрғыдан түсіндіргенде, келесі ғылыми әдістер қолданылды, атап айтқанда, зерттеліп жатқан объектіні нақты түрде немесе ойша бөліп, әрбір элементті бөлек-бөлек зерттеуді көздейтін талдау әдісі және талдау барысында анықталып, зерттелген ерекшеліктер мен сипаттарды біріктіруді талап ететін синтез әдісі, сондай-ақ тарихи процестерді дәйекті түрде бір-біріне ұласып жатқан белгілі бір кезеңдерге бөліп алып, бұларды тарихи оқиғалардың контекстінде қарауды қажет ететін диахрондық әдіс.

**Талқылау.** Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жекелеген өлкетанушылардың іс-қызметіне көңіл аударылады (Ламосова, 2018; Махнакова, 2017; Мусаева, 2008; Разумова, 2013; Сырцов, 2012; Хамидов, 2010; Шахеров, Чикишева, 2021; және т.б.). Ал енді С.Р. Лаптев жайлы айтатын болсақ, осы тақырыпта ресейлік тарихшы А.В. Ремизовтың бірқатар еңбек жазғаны белгілі. Мысалы, 1999 жылы шыққан мақаласында А.В. Ремизов С.Р. Лаптевке қатысты қысқаша мәліметтерді келтіріп, өлкетанушы жинаған этнографиялық материалдардың бір бөлігін талдау жасамай-ақ жариялады (Ремизов, 1999). Өзінің кейінірек жарық көрген «1930–1960 жылдардағы Омбы өлкетануы. Тарихи шолу» («Омское краеведение 1930–1960-х годов. Очерк истории») монографиясында А.В. Ремизов С.Р. Лаптевтің шығармашылық және өмірлік жолына байланысты егжей-тегжейлі ақпарат бергеннен кейін (Ремизов, 2018: 153–195), жоғарыда аталған алғашқы еңбегінде келтірілген мәліметтерді баяндайды.

Жалпы алғанда, қазақтың дәстүрлі мәдениеті туралы айтатын болсақ, А.В. Ремизовтың еңбектерінде С.Р. Лаптевтің «Омбы облысы және онымен шектесетін аумақ бойынша сапарлар. Омбы облысының оңтүстік аудандары мен Солтүстік-Шығыс Қазақстан бойынша 650 шақырым жүргенде» («Поездки по Омской области и смежных с ней окраин. 650 километров по южным районам Омской области и Северо-Восточному Казахстану») атты күнделігінде (ООМТА. 2118-к. 1-т. 19-іс) ғана келтірілген этнографиялық материал көрініс тапты. Қалған авторлар Омбы облысындағы өлкетанудың кейбір тарихи кезеңдерін сипаттағанда, С.Р. Лаптев және оның экспедициялары жайлы арасында ғана қысқаша айтып, сонымен шектелетін (Седельникова,

2009: 39; Томилов, 2019: 217). Қорыта айтқанда, өлкетанушы С.Р. Лаптевтің қазақтың дәстүрлі мәдениетіне байланысты материалдарының жекелеген қырлары сипатталғанымен, бұлар көбінесе зерттелмей қалды.

**Нәтижелер.** Сергей Романович Лаптев (1891–1967) Қазақ губерниясының Чистополь қаласында дүниеге келген. 1920 жылдардың басында С.Р. Лаптев Омбыда тұрып, ал 1924 жылы Омбыдағы кооперативтік одақтардың бірінде хатшы болған соң, Томск университетінің сырттай оқи отырып, Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болды. Содан кейін С.Р. Лаптев Свердловск қаласына көшіп кетті де, Орал облыстық өлкетану бюросында, Орал өлкетану музейінде жұмыс істеді. Ресейдің Орал өңірінде тұрған кезде 1926–1928 жылдары С.Р. Лаптев Орал жаратылыстану әуесқойлары қоғамының ғалым хатшысы болды, ал 1932 жылы Омбыға қайтып келіп, осындағы партиялық мектепте химиядан сабақ беріп жүрді. 1935–1937 жылдары Омбы облыстық өлкетану бюросы басшысының орынбасары болып, содан кейін облыстық жас табиғат зерттеушілері станциясында жұмыс істеді. 1943 жылдан бастап С.Р. Лаптев сегіз жыл Омбы облыстық өлкетану музейі директорының орынбасары болды. 1951 жылы жас табиғат зерттеушілері станциясына оралып, зейнетке шыққанға дейін (1953 ж.) сондағы өлкетану зертханасын жетекшілік етті. Омбы қаласында География қоғамының бөлімшесі ашылғаннан кейін 1947 жылы сол бөлімшені он үш жыл ауыспастан басқарды (Ремизов, 1999: 202–203).


Омбы облысы Мемлекеттік тарих архивінде (ООМТА) сақталатын С.Р. Лаптевтің жеке материалдарындағы этнографиялық мәліметтер қазақтың дәстүрлі мәдениетінің әртүрлі аспектілерін қамтиды. 1949 жылы ауыл шаруашылығы институты ботаника кафедрасының меңгерушісі Н.А. Плотников және ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты М.С. Каргаполовпен бірігіп, С.Р. Лаптев Омбы облысының оңтүстік аудандары мен Қазақстанның солтүстік өңірлері бойынша сапарға шықты. Лаптевтің материалдарында осы сапарға қатысты жоғарыда аталған «Омбы облысы және онымен шектесетін аумақ бойынша сапарлар. Омбы облысының оңтүстік аудандары мен Солтүстік-Шығыс Қазақстан бойынша 650 шақырым жүргенде» есебінде қазақтардың этнографиясына байланысты әртүрлі мәліметтер бар екен. Атап айтқанда, сапар кезінде С.Р. Лаптев қазақ зираттарының біріне барып, зираттың территориясына кіріп жүрумен байланысты кейбір тыйымдар жайлы ақпарат келтірді. Дәлірек айтқанда, С.Р. Лаптев былай жазды: «Қазақтың зират басына бардық. Түрі ерекше екен. Даланың ортасында бір елсіз қалған кішігірім қала сияқты. Алыстан солай көрінеді. Жақындап келсең, адам айтса нанғысыз бірқатар қызық құрылыстарды, яғни үстірт жерде, үлкен жыраның шетінде орналасатын төбесі, қабырғасы, мұнарасы жоқ үйшіктерді көруге болады. Барлық мұсылмандардағыдай, қазақтың зираты – киелі жер. Орыс былай тұрсын, мұсылманға да басып жүруге болмайды. М.С.-тің (Каргаполовтың. – авт.) айтуынша, қабірді басып жүрмеңдер деп, біз ауылда болғанда айтқан болатын; оны бізді зират басына апарған, біз қонған үйдің иесі де айтты» (ООМТА, 19: 25–26-п.).

Зираттан басқа, С.Р. Лаптев этнографиялық материалдарының бір бөлігі қазақтың ауылдары мен дәстүрлі тұрғын үйлеріне арналған. Мысалы, Қазақстанның солтүстігіндегі бір ауылға барғанда, өлкетанушы мынадай сипаттама жасады: «Ал енді Қазақстанның шалғай түкпір жерінде орналасқан Қайыңды (түпнұсқада – «Коенды» – авт.) ауылына келдік. Бұл облыстық орталық болып табылатын Көкшетаудан 300 шақырымдық жерде орналасқан. Ауылдың сырт көрінісі ажарсыз – қазақ ауылдарының басым көпшілігі сияқты шымнан жасалған жалпақ төбелі, жүйесіз орналасқан жеркепелер; бұлар үстін арамшөп басқан дәл сондай бұрын салынып, опырылып құлаған жеркепелердің арасында орналасады. Бір ағаш та, бір шоқ бұтақ та жоқ» (ООМТА, 19: 13-п.). Содан кейін С.Р. Лаптев аталмыш ауылдың орналасу жері және әкімшілік бағынумен байланысты келесі ерекшелікті атап өтті: «Қайыңды ауылы Омбы облысының географиялық қартасында көрсетілген және ежелден бері орнаған ұжымшарларға жатады. Үлкендігі жағынан бұл орта көлемді ұжымшар. Ұжымшардың 32 мың гектар жері бар, соның ішінде егілген егіс алқабы – 150 гектар, бидай мен сұлы егілген егіс алқабы. Ұжымшардың 19 жылқысы, 200 шақты сиыры мен бұқасы, 450 қойы бар. Ауылдың өзінің ауылдық кеңесі (сельсовет) және аудандық орталығымен телефон байланысы жоқ. Ауылдық кеңесі осыдан 40–50 шақырымдық жерде, Сілетітеңіз көлінің оңтүстік жағалауында, ал Қызылту деген



аудандық орталығы 100–150 шақырымдық, облыстың орталығы Көкшетау – 350 шақырымдық жерде орналасқан. Осында хат-хабарды Омбы арқылы алады. Міне, мысалы, ұжымшар төрағасының мекенжайы: «Омбы облысы, Русско-Полян ауданы, Черноусовский ауылдық кеңесі, Оброчное кенті, Қайыңды ауылы, Жанаталой (Джана-Талой) ұжымшарының төрағасына» (ООМТА, 19: 17–18-п.).

С.Р. Лаптев жинаған этнографиялық материалдардың ішінде қазақтың тұрғын үйі жайлы егжей-тегжейлі ақпарат берілген (ООМТА, 19: 20–22-п.). Өлкетанушының материалдарында қазақтың дәстүрлі тұрғын үйі осылай сипатталады: «Қазақтың тұрғын-үйі болып табылатын шымнан жасалған жеркепе тұрғынжай мен ішкі жабық қораны қамтиды» (ООМТА, 19: 19-п.). Соған қоса, берілген материалдардың көрнекі болуы үшін С.Р. Лаптев «осы құрылыстың жалпы көрінісін келесі сызбадан көруге болады» деп, қосымша ретінде өзі «Ауқатты қазақтың тұрмыстық жағдайы» («Бытовая обстановка зажиточного казаха») деп атаған үй-жайдың сызбасын келтірді (1-сурет).



1-сурет. «Ауқатты қазақтың тұрмыстық жағдайы»  
(ООМТА. 2118-қ. 1-т. 19-іс. 19-п.).

С.Р. Лаптевтің жеке архивінде сақталған материалдарында қазақтың тамақ ішуге қатысты кейбір әдет-ғұрыптарының ерекшеліктеріне назар аударылады: «Тамақ және шай ішер алдында бөлмеге ағаштан жасалған аласа үстелді домалатып кіргізді, бөлмедегілер аяғын астына басып, сол үстелдің басына отыра қалды. Осындай ыңғайсыз қалыпта мен бес минут та отыра алмадым, бірақ үйдің иесі мен тамақ ішіп отырғандар өздерін керемет сезінеді екен. Үй иесіне әйелі ет салынған үлкен бір тегене берді. Үйдің иесі бір жапырақ ет алып отырғандардың әрқайсысының алдына тастап отырды. Дәл солай, ұсынған жоқ, тастады. Қазақтың отбасылық тұрмысы күшті өзгермесе керек. Үй иесінің бұрынғыдай өктемшіл адам екені сезіліп тұр. Оның жұбайы, келіні бөтен адамдардың көзінше үндемей жүреді, орысша сөйлемейді, түсінбейтін де көрінеді» (ООМТА, 19: 22–24-п.).

Қазақтың киім-кешегін сөз еткенде, зерттеуші қазақтың тұрмысына бірқатар «заманауи» элементтердің енгеніне көңіл аударды: «Ер адамдар әртүрлі киінеді. Бұрынғы ұлттық киімге жататын жеңсіз қамзол, шапанмен бірге көптеген кісілер орыс киімін де киіп жүреді. Әсіресе жастар. Мақталы кеудеше (ватник), гимнастерке, фуражка, галифе, орыс етігі әдетке айналыпты. Бұларға қарағанда әйелдер дәстүрді сақтап келе жатыр. Олардың киімінде өзгеріс көп емес. Өкшесіне дейін ұзын көйлек, шалбар, жұмсақ мәсі мен кебіс, ал басына бұдан елу жыл бұрын киген дәстүрлі бас киім. Мейрамға сол кездегі шаңқиған ашық түсті киім киеді» (ООМТА, 19: 24-п.).

С.Р. Лаптевтің айтқанына қарасақ, «заманауи» өзгерістер киім-кешекте ғана емес, дін қызметшілерінің қалай киінгенінде де байқалған-ды. Мысалы, ауылды молдамен кездескенін айта отырып, өлкетанушы былай жазды: «Бізді қонақ деп қарсы алды. Дәстүрлі қымыз әкеліпті. Қазақтарда қазір «ораза» болса да, біз қонған үйдің иесі мен «молда» бізбен бірге қымыз ішті. Осында «молданы» көргеніме таңғалдым, бірақ осындай дін қызметшісі әрбір қазақ ауылында, кейбір ауылдарда екіден бар екен. Біздің «молда» мен бұрын көрген сәлде және шекпен киетін молдаларға ұқсамайтын. Ол белбеуі бар әскери гимнастерка, галифе, етік, ал басына әскери жана деп айтуға болатын фуражка киіп жүрген-ді. Қандай болса да, ол әскери жинақылығы бар батырдай көрінді. Бұл жұғымды, қағылез, әжептәуір ой-өрісі биік, жасы 30–40-тар шамасындағы адам еді. Біздің келуімізге байланысты, үйге бүкіл ауыл дерлік жиналған болса керек. Үйдің іші тар, у-шу болды. Ақсақалдар, егде адамдар, жастар және балалар келді, бірақ әйелдер болған жоқ» (ООМТА, 19: 14-п.).


Өзінің естеліктерінде зерттеуші қазақтардың Омбы облысының тарихына, қазақ халқының өткеніне зор ықылас қойғанына назар аударады. Өлкетанушының айтуынша, С.Р. Лаптев ертіп әкелген кісілердің бірі өзімен бірге 1902 жылы жылы жарық көрген «Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область. Омский уезд» («Қазақтың жер пайдалануына қатысты материалдар. Ақмола облысы. Омбы уезі») деген басылымды әкеліпті. Сонда қазақтар ХХ ғасырдың бас кезеңінде қай рудың қай жерді мекендегенін қарап, сол кітаптың беттерін аудара бастады: «Аз уақыт ішінде кітаптың («Материалы по киргизскому землепользованию...»). – авт.) өзін бір-біріне қарауға бере бастады, ал молда содан өзіне бірдеңе жазып алмақшы болды (ООМТА, 19: 15-п.).

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне байланысты этнографиялық материалдарды С.Р. Лаптев 1950 жылдарда да жинағанын айта кету керек. Мысалы, Омбыдан Ертіс бойымен оңтүстікке қарай Қазақстанға дейін саяхат жасағанда, Омбы өлкетанушысы қазақ зиратының жанынан өткенде, көптеген қабір үсті құрылыстарды фотоға түсірді (2-сурет).



2-сурет. «Қазақтың қабір үсті құрылыстары (Омбы облысының оңтүстік-шығыс аудандары, 1952–1958 жж.)» (ООМТА. 2118-к. 1-т. 21-іс. 24-п.)

Сонымен қатар, қазақтың зираттарына жалпы сипаттама бергенде, С.Р. Лаптев зираттардың ежелгі қорымдардың орнында немесе соларға жақын жерде орналасқанын көрсетті: «Л. 21. Александровкаға қарай жолдың бойында ескі қорым, ал жанында қазақтың зираты орналасқан...» (ООМТА, 21: 21-п.; 3-сурет, 4-сурет).



3-сурет. «Қазақтың қабір үсті құрылыстары (Омбы облысының оңтүстік-шығыс аудандары, 1952–1958 жж.)» (ООМТА. 2118-қ. 1-т. 21-іс. 23-парақтың с.ж.)



4-сурет. «Қазақтың қабір үсті құрылыстары (Омбы облысының оңтүстік-шығыс аудандары, 1952–1958 жж.)» (ООМТА. 2118-қ. 1-т. 21-іс. 21-п.)


Осындай фактілерді сөз еткенде, С.Р. Лаптев соның себебін түсіндіруге тырысты: «Биік жерде, 100–200 метрлік қашықтықта бір үлкен қорым, ал үстінде қазақтың зираты орналасқан. Әдетте қазақ зиратының пошымы келесідей: бірнеше кішігірім қабір ауласы (дворик) немесе жекелеген қабір қоршаулары бар. Аула кеуіп қалған саман мен бұрыштардағы мұнарадан, темір немесе тақтай есіктен, жарты айы бар қоршаулардан тұрады. Қазақ зиратының ескі қорғандардың жанында орналасатыны немесе тікелей жанасатыны қазақтардың оларды өз ата-бабаларының зираты санайдығынан деп түсінуге болады» (ООМТА, 21: 19-п.). 5-сурет



5-сурет. «Қазақтың қабір үсті құрылыстары (Омбы облысының оңтүстік-шығыс аудандары, 1952–1958 жж.)» (ООМТА. 2118-қ. 1-т. 21-іс. 19-парақтың с.ж.)

